

Амалбекова Б.А. \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент, e-mail: [amalbekova\\_b@fmsn.nis.edu.kz](mailto:amalbekova_b@fmsn.nis.edu.kz)

## БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТІ

### Аңдатпа

Мақалада Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында өзінің соғыс жүргізу тактикасы және стратегиясымен ерекшеленген даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының әскери қызметіне қатысты мәліметтер зерттеледі. Ең алғашқы әскери дайындық мектебі Қиыр Шығыстан басталып, соғыстың алғашқы жылдары майдан даласында жинақтаған теориялық білімімен түрлі әскери тактикалар мен ұрыс тәсілін ұйымдастыра білу шеберлігін меңгерді. Б. Момышұлының әскери ғылымды терең меңгергендігі «Соғыс психологиясы» еңбегінде жан-жақты талданған. Әскери саладағы шеберлігімен қатардағы жауынгерден дивизия командиріне дейін көтерілді, Ворошилов атындағы академия мен Кеңес Армиясы Бас Штабының жанындағы Жоғары әскери академияны аяқтап, жоғары әскери маманы болды. Жауынгерлерді дайындау, ұрыс жүргізу тәжірибесі мен соғыс тактикасына қатысты Әскери Академияда профессор атағымен генералдарға және Кубаның әскери училищелерінде запастағы офицер тәжірибесімен бөлісіп, дәріс оқуы оның жоғары білімді әскери адам болғандығын білдіреді. Оның «Бауыржан спиралі» атты тактикасының маңыздылығына талдау жасау арқылы оның әскери саладағы ой-танымын, майдан шындығын көркем шығармалары арқылы әскери әдебиеттің шыңына көтеруі жолдары оның бірден бір түркі халықтары әскери әдебиетінің негізін салуына алып келді. Б. Момышұлының архивтегі жеке қорындағы деректерге талдау жасау арқылы оның әскери қызметіне және «әскери әдебиеттің» негізін салушы ретіндегі рөліне баға беріледі. Сонымен қатар әскери тақырыптағы дәрістерінің маңыздылығы талданады.

**Түйін сөздер:** Б. Момышұлы, тактика, әскер, соғыс өнері, қорғаныс, әскери қайраткер, патриот.

Амалбекова Б.А. \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Республика Казахстан, Шымкент, e-mail: [amalbekova\\_b@fmsn.nis.edu.kz](mailto:amalbekova_b@fmsn.nis.edu.kz)

## ВОЕННАЯ СЛУЖБА БАУЫРЖАНА МОМЫШУЛЫ

### Аннотация

В статье исследуются сведения, касающиеся военной службы выдающегося полководца Бауыржана Момышулы, отличившегося в годы Второй мировой войны своей тактикой и стратегией ведения войны. Первая военная подготовительная школа началась на Дальнем Востоке и с теоретическими знаниями, накопленными на полях сражений в первые годы войны, овладела навыками организации различных видов военной тактики и боевого подхода. Глубокое владение военной наукой Б. Момышулы всесторонне проанализировано в работе «Психология войны». С мастерством в военной сфере дослужился от рядового до командира дивизии, окончил академию имени Ворошилова и Высшую военную академию при Генеральном штабе Советской Армии, стал высшим военным специалистом. Что касается подготовки солдат, боевого опыта и военной тактики, то обмен опытом и чтение лекций генералам в Военной академии с званием профессора и офицером запаса в кубинских военных училищах означает, что он был высокообразованным военным. Анализ важности его тактики «спираль Бауыржана» привел к тому, что его пути поднятия мысли в военной сфере, реальности Майдана на вершину военной литературы через художественные произведения привели к тому, что он сразу же заложил основы военной литературы тюркских народов. Анализируя данные личного фонда Б. Момышулы в архиве, дается оценка его военной деятельности и роли основателя «военной литературы». Также анализируется значимость лекций на военную тематику.

**Ключевые слова:** Б. Момышулы, тактика, армия, военное искусство, оборона, военный деятель, патриот.

## MILITARY SERVICE OF BAUYRZHAN MOMYSHULY

### Abstract

The article examines information concerning the military service of the outstanding commander Bauyrzhan Momyshuly, who distinguished himself during the Second World War with his tactics and strategy of warfare. The first military preparatory school began in the Far East and with the theoretical knowledge accumulated on the battlefields in the early years of the war, mastered the skills of organizing various types of military tactics and combat approach. B. Momyshuly's deep knowledge of military science is comprehensively analyzed in the work «Psychology of War». With skill in the military sphere, he rose from a private to a division commander, graduated from the Voroshilov Academy and the Higher Military Academy at the General Staff of the Soviet Army, became a top military specialist. As for the training of soldiers, combat experience and military tactics, the exchange of experience and lecturing to generals at the Military Academy with the rank of professor and reserve officer in Cuban military schools means that he was a highly educated military man. The analysis of the importance of his tactics «the spiral of Bauyrzhan» led to the fact that his ways of raising thoughts in the military sphere, the reality of the Maidan to the top of military literature through artistic works led to the fact that he immediately laid the foundations of the military literature of the Turkic peoples. Analyzing the data of B. Momyshuly's personal fund in the archive, an assessment of his military activities and the role of the founder of «military literature» is given. The significance of lectures on military topics is also analyzed.

**Keywords:** B. Momyshuly, tactics, army, military art, defense, military leader, patriot.

**Кіріспе.** Әрбір халықтың өзіндік тарихында аса маңызды мәселе – әскери-жауынгерлік дәстүрдің қалыптасуы мен оның ұрпақтар жалғастығында танылуы. Біз аса көрнекті тұлға Бауыржан Момышұлын қазақ халқының тарихындағы жауынгерлік дәстүрді әлемдік өркениет жетістіктері деңгейіндегі әскери ғылым дәрежесінде қалыптастырушы жауынгер-сардар, ғалым-қолбасшы, маман-ұстаз-тәлімгер ретінде бағалаймыз [1, 78-б.].

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында өзінің соғыс жүргізу мен жауға соққы беру тактикасымен ерекшеленген Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда қазіргі Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көлбастау ауылында шаруа отбасында дүниеге келген.

1921-1928 жж. Әулие-Ата қаласындағы 9 сыныптық мектепте біліп алады. Ленинград финанс академиясы жанындағы курсты тәмамдап, жастайынан мектепте мұғалім болады [2, 75-б.]. Осы білімінің арқасында түрлі қызметтерді атқарады: 1928-1932 жж. Аудандық атқару комитеті құрамында, 1932 ж. бастап аудандық атқару комитеті Призидиумының жауапты хатшысы, аудандық прокурордың көмекшісі, кейіннен аудандық прокурор қызметтерін атқарады.

1932 ж. 7 қарашасы әскери қызмет атқаруға шақырылып, Отан алдындағы әскери борышын өтейді. 1934 ж. командир дәрежесімен запасқа шығарылып, 1936 ж. қайтадан Қызыл Армия құрамына Қиыр Шығыста взвод, рота командирі, полк штаб бастығының көмекшісі болып қызмет істейді [3, 19-б.].

Зерттеу мәселесіне қатысты еліміздегі әскери ғылым саласында белгілі ғалым К. Серікбаевбатыр Б. Момышұлының соғыс тактикаларына қатысты кешенді зерттеулер жүргізіп, Кеңес Одағы кезеңінде «жаңалық» саналған бірнеше тактикаларды анықтайды. Ғалым бұл зерттеулерінің шынайылығын жылдар бойы архивте отырып, батальонның жұмыс карталары мен әскери қимылдары туралы сызбаларды көру барысында көз жеткізеді. Ким Серікбаевтың шегіне отырып соғысу өнерін тың жаңалық ретінде көрсетіп, Кеңес Одағы кезеңінде де үлкен маңызға ие болғанын анықтады. Себебі, Б. Момышұлының 205 рет ұрысқа қатысып, барлық әскери тапсырмаларды орындай отырып, өз әскерін аз шығынмен дивизияға қосылуы оның әскери әдіс-тәсілдерді терең менгергендігін білдіреді [4, 6-б.].

Соғыс жылдары әскери тактика мен соғыс жүргізу, майдандағы соғыс қимылдары, жауынгерді тәрбиелеуге қатысты ой-пайымдары оның «Қанмен жазылған кітап» атты еңбегінде баяндалды. 1944 ж. 19-қаңтарында КСРО Ғылым Академиясы Қазақ филиалында ғалым, жазушы-өнер адамдарының алдында жауынгерлік рух пен әскери тәртіпке қатысты оқыған дәрісінде өзінің тәжірибесін ортаға салып, Панфилов дивизиясының ұрыс даласындағы ерліктеріне үлкен баға береді.

Бауыржан Момышұлының әскери ғылымның маманы ретінде қалыптасуының негізгі 2 себебін анық көрсете аламыз. Біріншісі, қазақ елінің тарихында жауынгерлік рух пен қолбасшылықты қатар алып жүріп, қол бастаған хандар мен батырлардың: Жәңгір хан, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Жәнібек батыр т.б. қолбасшылардың әскери-жауынгерлік әдістерін, ерлік дәстүрлерін терең сезіммен сезініп, бойына сіңіріп өскен ұрпақ ретіндегі; екіншісі, алғы шептегі жаумен жағаласқан қанды ұрыстардың майданы. Бұл халық мақалы: «Болат қойнауа шынығады, батыр майданда шынығады» деген сөзбен сай келеді. Бұл орайда Б. Момышұлының нағыз әскери қолбасшыға тән көптеген стратегиялық іс-қимылдары, шешімдері танылады. Бұл шеберлігі оның 1941 ж. майдан шебінде қоршауды жауынгерлерімен бірге бұзып шығып, әскерін аман сақтап, дивизияға қосылуы. Бұл әскери қолбасшылық қабілет Б. Момышұлына тән еді.

Бауыржан Момышұлының «әскери портретін» жасаған т.ғ.к., профессор З.Е. Кабулдиновтың мақаласында батырдың 17 ерекшелігін атап өтеді. Соның екінші ерекшелігінде: «Ол қазақ халқының тарихы мен мәдениетін өте жақсы білді. Ең алдымен батыр қазақтың ежелгі әскери дәстүрін қазақстандық жауынгерлер мен офицерлердің әскери рухын көтеруде пайдаланды» [5, 93-б.],-деп оның әскери өнерді ата-бабаларымыздың әскери өнерімен бір сарында болғанын білдіреді.

Майдан даласында асқан шеберлік пен ақыл-ойдың арқасында соғыс өнерінен үлкен тәжірибе жинақтай отырып, кеңестік әскери ғылымның дамуына үлес қосты. Оның ойлары мен әрекеттері жеке жекпе-жектің немесе шайқастың тактикалық және стратегиялық шешімдеріне қарағанда әлдеқайда кең болды.

Бауыржан Момышұлының қандай қолбасшы болғанын әскери жедел-тактикалық ғылымда «Момышұлы шиыршығы» деп аталатын мобильді қорғаныстың ерекше термині бар деп бағалауға болады. Бұл тактикалық әдіс бүкіл әлемдегі жоғары әскери оқу орындарында зерттелуде. Теориялық тұрғыдан оны Панфилов жасаса, оны іс жүзінде алғаш рет Бауыржан Момышұлы қолданды. Ол өзінің әскери тәжірибесін жас ұрпаққа жеткізді. 1950 жылы В.М. Молотов атындағы тыл және жабдықтау әскери академиясының «Жалпы тактика және жедел өнер» кафедрасының аға оқытушысы болды. Педагог және әскери ойшыл ретінде ол Ұлы Отан соғысының нәтижелерін талдайды, жедел өнер теориясы мен тактикасы, әскерді дайындау мен жауынгерлерді оқыту саласында зерттеулер жүргізеді. Бұл ғылыми талдау бір ғана мақсатпен жүзеге асырылды: өз білімімен бөлісу, көптеген жылдар бойы елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін соғыс сабақтарын есепке алу. Б. Момышұлы соғыста жеңіске жетудің себептерінің бірі ретінде психологиялық фактор идеясын ұсынды. Кеңес заманында бұл факторды атап өту әдеттегідей емес, жеңіс техниканың, қару-жарақтың және кеңес халқының жаппай ерлігінің арқасында болды деп есептелді.

**Мақсаты мен міндеттері:** Зерттеу мәселесі шеңберінде Б. Момышұлының қазақ халқы тарихында ең тұңғыш әскери ғылымның теориясы мен практикасын ұштастырған ұстаз-қолбасшы, қазақ әскери ғылымының тұңғыш маман теоретигі, ғалым ретіндегі рөлін анықтаймыз.

#### **Міндеттері:**

– Б. Момышұлының әскери тактикасына қатысты архив деректеріндегі мәліметтерді (әскери карталар мен сызбалар) ғылыми айналымға енгізу;

– Б. Момышұлының әскери тактика мен ұрыс жүргізу ерекшеліктеріне қатысты отандық зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасау;

– Бауыржан Момышұлының әскери қызметіне қатысты мәліметтерді Қиыр Шығыстағы әскери дайындығы, майдан даласындағы ұрыс жүргізу тактикасы, Әскери Академиядағы оқытушылық қызметі мен соғыстан кейінгі кезеңдегі әскери тактиканы насихаттау деп 4-кезеңге бөліп қарастыру;

– Б. Момышұлының ұрыс жүргізу тактикасы мен патриоттық тәрбиені насихаттаудағы Қаз КСР ҒА мен Құдаба оқыған дәрістерінің маңыздылығын дәлелдеу.

**Материалдар мен әдістер.** Бауыржан Момышұлы – әскери қайраткер, соғыс жүргізу тактикасының білгірі, теоретиг. Оның әскери қызметіне қатысты ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуде көрнекті тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеуге мүмкіндік беретін жылпығылыми және арнайы-тарихи әдістер кешені қолданылды. Таратып айтар болсақ:

–тарихи-жүйелілік;

–проблемалық-хронологиялық;

–құрылымдық-функционалдық;

–салыстырмалылық. Сонымен қатар, құжаттардың бірнеше тобынан, сондай-ақ мұрағаттардан алынған мәліметтерді мемуарлық әдебиеттер мен әр жылдарда жарық көрген басылымдармен салыстыру. Сонымен қатар, жұмыстың орындалу барысында бірнеше әдістемелік тәсілдер де қолданылды: деректемелік іздестіру мен зерттеу, текстологиялық және тұжырымдамалық талдау

жасау. Аталған зерттеу әдістері мақаланың өзектілігі мен мақсатына жетуде маңызды болып табылады.

**Талқылау.** Б. Момышұлының әскери қызметіне қатысты мәліметтерді жүйелеуде отандық зерттеушілердің бірнеше еңбегіне талдау жасалды. Б. Момышұлының өмірі, соғыстағы ерлігі мен өмірінің соңғы кезеңдеріне қатысты мәліметтер негізінен архив, мерзімді басылым беттері мен жекелеген зерттеушілердің еңбектерінде сақталған. Жекелеген авторлардың ішінде кешенді ғылыми зерттеу жүргізген әскери ғылымның маманы – Ким Серікбаев. Ол ең алдымен Б. Момышұлының әскери қызметіне (әскери тактикасы, стратегиясы) қатысты ұзақ уақыт зерттеу жүргізген. Ғалым ұзақ уақыт бойы архив деректеріндегі Б. Момышұлы басқарған дивизияның картадағы бағыты мен тактикаларын зерттеу барысында көптеген нәтижелі тактикаларды анықтап, «Бауыржан шиыршығы» терминін енгізді [6, 47-б.]. Сонымен қатар, зерттеуші А.Б. Тасболатовтың «Заветы Баурджана Момыш-ұлы» атты еңбегінде алғашқы қазақтың әскери ғалымының негізгі әскери-теориялық, психологиялық-педагогикалық ойларының жинағын ұсынады [7, 96-б.]. Ал т.к.д., профессор З. Кабулдинов өзінің XX ғ. қазақ батырының портреті мақаласында Б. Момышұлының өмірі мен әскери қызметіне қатысты 17 ерекшелігін талдап береді. Батырдың қазақ халқының әскери өнерін жетік меңгергені, соның арқасында 205 рет шайқасқа түсіп, өз полкімен 5 рет қоршауды бұзып шығып, негізгі дивизияға қасылудағы ерлігіне жоғары баға береді [5, 93-б.].

Келесі авторлардың еңбектері архивтік мәліметтер негізінде жазылған. Бұл санаттағы авторлар қатарында Ж. Ыбыраевтың Б. Момышұлының өмірі мен қызметіне қатысты [8, 58-б.] А. Шауханов пен Ф. Оразбекованың еңбегінде Б. Момышұлының әскери тактикалары мен стратегиялары және жауынгерлік рухқа тәрбиелеудегі шығармаларының маңыздылығы зерттеледі [9, 47-б.] және Б. Момышұлының 100-жылдығына арналған «Бауыржантану» орталығы мен «Ескерткіш» қорының архивтік деректер бойынша жинақтап жазылған «Легендарный батыр» атты еңбектің маңыздылығы бұрын жарияланбаған мәскеулік архивтегі тың мәліметтердің енгізілуі еді.

#### **Зерттеу нәтижесі.**

Б. Момышұлы соғыс өнері мен тактикасы, ұрыстың қорғаныс және шабуыл ерекшеліктері, әскери тәртіп мен патриоттық тәрбиеге қатысты мәселелерде өзіндік тәжірибесін тек елімізде емес құрлық асып Куба елінде де жоғары бағаға ие болғанын білеміз. Оның соғыс тактикасына қатысты тәжірибесі ҚР ОМА-тің «жеке қорында», А. Бектің «Волоколоск күрежолы», өзінің «Мәскеу үшін шайқас», әскери қайраткер К. Серікбаевтың және «Легендарный батыр» авторлық жинақта т.б. еңбектерінде толыққанды көрініс тапқан.

Б. Момышұлының әскери қызметіне қатысты мәселені талдауда архивтік және жеке зерттеулердегі мәліметтерді бірнеше кезеңге бөліп қарастырамыз:

#### **1. Қиыр Шығыстағы әскери дайындық кезеңі.**

1936 жылы Қызыл Армия қатарына командир ретінде шақырылып, Кеңес Одағының маршалы В.К.Блюхердің қолбасшылығында әскери қызмет атқарады.

1936 ж. Ортаазиялық әскери округтың 315-ші атқыштар полкіне командир болып тағайындалады. Бір жылдан кейін оның полкі ерекше Қызыл Тулы Қиыр Шығыс Армиясының бөліміне қосылады.

Қиыр Шығыстағы әскери борышын өтеу кезінде өзінің атқа міну және мергендік шеберлігімен командирлері мен жауынгерлерге таңдай қаққызады. Осындай ерекше қабілетінің арқасында өзі қызмет еткен полктің ат спорты командасының капитаны, әрі жаттықтырушысы болды. 1936-1938 жж. 105-атқыштар дивизиясының 315-атқыштар полкіне ауысып, танкке қарсы батареяның взвод командирі, батарея командирі, артиллериялық дивизияның командирі әскери қызметтерін атқарады.

**2-кезең: Майдан даласында әскери стратегия мен ұрысты жүргізу тактикасы:** Екінші дүниежүзілік соғыс басталмай тұрған кезеңде Б. Момышұлы әскери дайындықтың алғашқы мектебінен өткен болатын. Ол әскери тактика мен ұрыс жүргізу өнеріне байланысты өзінің ұстаздарынан Н.К.Редин, И.В. Панфилов, И.В. Чистяков, С.М. Серябряков т.б. сабақ алып, үлкен тәжірибе жинақтады.

Б. Момышұлының әскери қызметінде ерекше орынды 1941 жылдың күз айында Мәскеуді қорғау шайқасы алады. Генерал И.В. Панфилов бастаған Алматыда құрылған 316-атқыштар дивизиясы Волоколамск күрежолында жау әскерімен қоян-қолтық шайқасқа түседі. 316-атқыштар дивизиясы 1941 ж. 12 шілдеде Алматыды құрылды. Дивизия құрамында соғысуға Талдықорған, Жамбыл, Шымкент, Қостанай мен Петропавлдан әскерлер келіп, жинақтала бастады. Дивизия құрамына 3 атқыштар полкі, артиллерия, байланыс батальоны, саперлі батальон, авторота кірді. 316-дивизияның командирі болып Қырғыз әскери комиссары генерал-майор И.В. Панфилов болып

бекітілді. Дивизия бір айлық дайындықтан соң, 1941 ж. 18 тамызында майдан даласына жіберу туралы бұйрықпен олардың әскери биографиясы басталды. Осы жылдың күз айында 316-атқыштар дивизиясы Волоколамск күрежолының 45-50 км қорғауға бекітіліп, Федосьино, Игнатково, Осташево ауылдарының маңында алғашқы шайқастар болып өтті. Дивизияның тарихы – асқан ерлік пен әскери тапсырманы толық орындауымен ерекшеленді.

1941 жылдың осы ауыр кезеңінде Кеңес әскері болат спираль секілді біресе созылып, біресе шегіне ұрыс жүргізу тактикасын тандайды. Осы бір соғыс тактикасының арқасында жау әскері Мәскеуден 200-300 км алыстап, генерал И.В. Панфилов пен Б. Момышұлының ақыл-ойы мен ерекше ұйымдастырушылық қабілеттерінің арқасында ең бір қиын ұрысты жеңіспен аяқтады.

Б. Момышұлының соғыс жылдары өзіне жинақтаған тәжірибесінің ең бір көрінген сәті осы Мәскеу түбіндегі шайқас еді. Осы шайқаста қолданылған ең ұтымды тактика әскери ғылымда «Бауыржан шиыршығы» деген атпен қалды. Б. Момышұлының соғыс тактикасы бойынша зерттеу жүргізуген ғалым К.Серікбаев бұл әскери тактиканың А. Бектің «Волоколомск күрежолы» және Б. Момышұлының «Артымызда Мәскеу» еңбектерінде жақсы көрініс тапқанын көрсетеді. Еңбекте Б. Момышұлының батальоны 3 тәулік бойы жаумен Волоколомьск күрежолы бойындағы Торюнь, Аннино ауылдарының маңында шайқас жүргізіп, қоршауды бұза отырып, төртінші тәулікте өз полкіна қосылады.

1941 ж. 17 қарашасында 316-атқыштар дивизиясы 8-гвадиялық атқыштар дивизиясы болып өзгертіліп, «Қызыл Ту» орденімен марапатталды. «Қызыл Ту» ордені КСРО-ның ең жоғарғы ордендерінің бірі және ол Отан қорғауда көрсеткен ерекше ерлігі мен жанқиярлығы үшін берілді [10, 9-б.].

Б. Момышұлы Мәскеу түбіндегі шайқастан кейін әскери қолбасшы И.В. Панфилов пен өзінің майдан даласындағы жеке тәжірибелерінен ұрыс жүргізудің бірнеше әдістерін ойлап тауып, соғыс алаңында сәттілігін байқап көрді. Олардың соғыс тарихында әскери тактикаға қосқан жаңа әдістері: «Бауыржан серіппесі», «Ұтқыр қорғаныс», «Очаговая», «Тірек пункті», «Танкіге қарсы торап» секілді тактикалары арқылы аз ғана күшпен жаудың көп күшіне қарсы тұру, шегініс жасау арқылы шегініс жасап, күш жинап, қайтадан тойтарыс беру қос бірдей қолбасшының әскери шеберлігінің күштілігін білдіреді.

Б.Момышұлының майдан даласында тәжірибеден өткен тактикалары соғыстан кейінгі жылдары өз жалғасын тауып, болашақ әскерилер үшін үлкен машық болды. Қолбасшының майдан даласында өз нәтижесін берген бірнеше әскери тактикаларына сипаттама бере отырып, негізгілеріне тоқталып өтсек.

К. Серікбаев әскери ғылымдағы «Бауыржан шиыршығы» тактикасына қатысты кең көлемді зерттеу жүргізу барысында келесідей қорытындыға келеді: «Бұл батальонды қоршаудан бұзып шығып, әскери күші басым жаудан шегіне отырып соғыс жүргізу кезінде қолданылған жаңа әдіс» [6, 6-б.],-деп баға беріп, осы әдістің жаңашыл екендігін архив құжаттарын зерттеу нәтижесінде көз жеткізген.

К. Серікбаевтың «Казахстанская правда» газетінде берген сұхбатында Б. Момышұлын соғыстағы ең ауыр әскери қимылдардың ішінде «ұрыстан шығу мен шегіну» тактикасын ең терең меңгерген шебер қолбасшы ретінде көрсетеді [6, 6-б.]. Бұл әдіс жау әскерінің бірнеше рет жойқын шабуыл жасауы кезінде тиімді қолданылды. Сондықтан да жақсы дайындалған және жоғары білікті кадрлар кез келген жағдайда да шешуші фактор болып табылады. Сонымен қатар, маңызды дерек ретінде «Соғыс психологиясы» еңбегінде сипатталатын шегіну сөзінің өзі ұрыс жүргізудің ең ауыр түрі екендігін жазады. «Ұрыстың түрлері көп, дұшпанды ойсырата шығынға ұшырата отырып шегіну де жеңіс болып табылады. Шегінгенде де кейіннен жау шабуылға шыға алмайтындай етіп ептілікпен шегіну қажет»,-деп бұл әдістің аса маңызды әрі ауыр тактика екендігіне баса назар аударады [11, 77-б.]. Яғни, батальон қорқыныш сезімін сезіне отырып бас көзсіз қашпаған, шегіне отырып төбелер мен орманды пана тұтып, жау колонналарына шиыршық сипатты тұтқиылдан шабуыл жасап отырған.

Бұл әдістің негізгі мәні шегіне жүріп ұрыс жүргізу болып табылады. Ұрыс жүргізу өнері командирдің бойынан табылуы керек қасиет немесе машық. Ұрыс – дұшпанға психикалық және физикалық тұрғыдан ұйымдасқан түрде соққы беру болып табылады. Демек, ұрыс бар жерде оны басқару да командирге жүктелген негізгі міндет. Ұрысты басқару дегеніміз – атысты ептілікпен маневр жасай отырып, траекториялармен жаудың күшін аяусыз жою және аз шығынмен жеңіске жету (Момышұлы). Осы ұрыс жүргізу кезеңінде ең басты тұлға солдат пен офицер болып табылады. Олар майдан даласында өз ақыл-ойы мен психологиялық дайындығының арқасында үлкен тәжірибе

жинақтайды. Соғыста әрбір солдат қорқыныш сезімін бастан өткізеді, солардың ішінде өз қорқынышын жеңе білген ғана нағыз жауынгер болады [7, 18-б.].

К. Серікбаев келтірген деректегі «Бауыржан шиыршығы» терминінің мәні қандай? Сәл-пәл күшейтілген құралдарға ие болған батальон дивизия командирінен тапсырма алып, майданда кеңінен қорғаныс ұстанады да, өз күш-жігерін дұшпан қимылының ықтимал бағытына, әсер жағдайының басымдық әкелетін учаскелеріне аударады. Қорғаныс ошақ тәріздес сипатқа ие болып, роталар танкке қарсы қуатты сенімді тіректер жасап тұрады. Ұрыстың алдыңғы шеті мен роталар арасындағы аралықтарда аралас мина қойылған алаң белгіленеді, артиллерия мен атқыш қару-жарақтың шоғырланған және бөгет келтіретін атыс нүктелері айқындалады. Көпірлер мен өткелдер қиратылуға белгіленеді. Ротаның тірек пунктері инжинерлік құрылыстарымен: окоп, траншея жабындыларымен сенімді түрде жабдықталады. Бір сөзбен айтқанда, батальон қорғаныс ауданын берік ұстап, дивизияның негізгі күштеріне озық кету мүмкіндігін бере отырып, мүмкін болғанша дұшпанды ұзақ бөгеп тұру үшін барлығын жасайды. Бұл жағынан қарағанда Б. Момышұлы бастаған полк «арьерград» қызметін атқарды. «Арьерград» (фр. *arriere-garde* – тыс күзетшісі) термині әскери сөздікте – жаяу әскердің соғыс қимылдары кезінде алға жылжып келе жатқан жауды ұстап тұру, жаудың еркім қимыл жасауына мүмкіндік бермеу секілді негізгі қызметті атқарады. Бұл әскердің міндетіне жау әскерінің үлкен күш болып бірігуін болдырмау, қозғалыс бағытын анықтау мақсатында үздіксіз барлау қызметін атқарады [12, 152-б.].

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары осы «арьерград» тактикасын ұйымдастыруда Б. Момышұлының полкі ерекше белсенділік танытып, осы бағытта соғыс жүргізді. Полк өз кезегінде дивизициядан бөлініп, жеке барлау қызметі бар негізгі әскерді құрады. Полк командирі Б. Момышұлының бастамасымен неміс-фашист басқыншылары кеңес әскерінің алдынан кездесетін кедергілерді жоюмен де айналысты. Бұл қозғалысты ұйымдастырушы басты адам – полк командирі еді, сондықтан да ол дивизия командирімен тікелей байланыс жасай арқылы, нақты әрі дұрыс тактиканы таңдау арқылы үлкен жауапкершілікті мойнына алды.

Соғыс жылдарында Б. Момышұлының осындай бай әскери тәжірибесінің мықтылығы мен қолбасшылық қабілетінің жоғарылығын бағалаған кеңестік қолбасшы, полковник И.И. Серебряков оны Кеңес Одағының Батыры атағына ұсыну туралы Жоғары кеңеске жолдаған мадақтаға қағазында келесідей мінездеме береді: «1941 ж. 26 қазанда жолдас Момышұлы Мәскеуді қорғау барысында жаудың тылында шайқас жүргізе жүріп, берілген 5 әскери тапсырманың барлығын да сәтті орындап, өз батальоны мен әскери техникасын сақтай отырып, негізгі күшке аман есен қосылды. 1941 ж. 26-қазанда Момышұлы Волоколоск қаласында алғашқы шайқаста 35 км қашықтықты бойлай отырып, соғыс жүргізді. 1942 ж. 27 ақпан мен 13 мамыр аралығында орманды-балшықты жағдайға қарамастан, жаудың 3 әуе полкіне жүзден астам шабуыл жасап, жаудың алға жылжуына мүмкіндік бермеді және үлкен шығын келтірді. Осы әскери ерліктерді ескере отырып, Момышұлы жолдасқа «Кеңес Одағының Батыры» атағын беруге ұсынамын» [13, 23-б.].

Б. Момышұлының әскерді «ромб» тәрізді орналастырып, соғыс жүргізу әскери тактикасы майдан даласында өз нәтижесін берген болатын. Бұл әдістің мәні – жаяу әскерді маневр жасай отырып, сақтап қалу. Бұл тактиканың сипаттамасы: әскер «ромб» тәрізденіп бір қатардан сапқа тізіледі. Осы қиықшаның ортасында арбалар мен зеңбіректер орналасады. Әскери сап түзей отырып, алға жылжиды және командирдің бұйрығымен жүріп бара жатып оқты дәл жау орналасқан бағытта дәлдеп атады. Осы бағытта бір уақытта 700 винтовкадан атылған оқ немістердің бас көтеруіне мұрша бермей, оларды қырып-жойып, қоршаудан шығып кетеді. Бұл тактикада әскер оқпен өткел салу арқылы өздеріне жол ашады.

Б. Момышұлының әскери тактикаларының ішінде келесі бір әдісі – жауды қоршауға ала отырып, талқандауы. Бұл әдіс 1942 ж. 8-гвардиялық Панфиловшылар атқыштар дивизиясының командирі, генерал-полковник И.М. Чистяковтың негізгі ұсынысы бойынша дайындалып, толықтырылады. Бұл әдісті өзінің біліктілігінің арқасында толықтыра отырып, жаудың аз әскер күшімен шығынсыз басып алуы еді. Ол бойынша немістер басып алған Трошково, Баркловица, Трохово, Кашина, Коншина, Бородино қыстақтарында Б. Момышұлы өз әскерін 6 топқа бөле отырып, түн мезгілінде бір уақытта шабуыл жасау арқылы жауды талқандайды.

Ұрыстың басқа түрлерін жүргізу тактикасына да Бауыржан Момышұлының қосқан үлесі елеулі. Оның зерделі қолбасшы, шығармашылықпен ойлайтын маман ретіндегі таланты ол полкке, содан соң дивизияға командалық еткен соғыстың келесі жылдарында ашылды. Оның нақ осы қасиеттері академияда оқып, жұмыс істеп жүрген кезде жалпы мойындау, құрмет иеленуге мүмкіндік берді.

Құрамалар мен бөлімдердің ұрыс қимылы түріндегі терең ұрыс қисыны 30-жылдардың басында әзірленді. Оның мәні барлық тереңдікте дұшпанның қорғанысын бір мезетте басып тастау, таңдап

алынған бағыттағы тактикалық алапта оның қорғанысын бұзып өту және ұрысқа табысты дамытатын эшалонды енгізу әрі әуе десантын қондыру жолымен тереңдіктегі шабуылды қауырт дамытудан тұратын. Терең ұрыс қисынының негізгі ережелері оқу жаттығулары мен маневрлерде тексерілді. Алайда кел-келген жаңа құбылыс сияқты терең ұрыс қисыны әскер практикасына баяу енгізілді.

Бауыржан Момышұлы жаңа тұрпаттағы командир ретінде шабуылдың бұрынғы әдісін: дұшпанды тек шабуылға шығушы жаяу әскер тізбегінің алдында ғана зақымдауды, дұшпан қорғанысын баяу, «көшіруді» және әрбір қорғаныс позициясын біртіндеп жеңуді жоққа шығарды. «Шабуылдың мұндай әдісі», - деп атап көрсетті Б. Момышұлы, әскерді қаруландыруға келіп түскен соғыс тактикасының атқыш және маневрлік мүмкіндіктерін барынша пайдалануды қамтамасыз етпейді және үдемелі қарқынын жоғарылатуға кедергі келтіреді. Әскер практикасына соғыс қимылдарын жүргізудің жұмылдырғыш әдістерін енгізудің белсенді жақтаушысы бола отырып, оның терең ұрыс қисынын қолдап қоймай, сондай-ақ оның дамуына да атсалысты.

Ұрыс пен операцияларды жасаудың ең жаңа көзқарастар қисынында, есеп-қисаптар тексерілетін нағыз лаборатория – соғыс жағдайы болып табылатыны мәлім. Полк командирі, одан соң дивизия командирі ретінде Бауыржан Момышұлы терең ұрыс қисынын полктың (дивизияның) шабуылдау практикасына батыл енгізді. Ол бұл теорияны қолдануда барынша тиімділікке жету үшін полктер мен дивизиялардың командирлеріне танк, артиллерия және басқа бөлімшелерді тікелей бағындыру есебінен дербес қимылдауға арналған жағдайлар жасаған дұрыс болады деп санады. Ал берілген құралдардың ату және маневрлік мүмкіндіктерін неғұрлым толық пайдалану үшін полктер мен дивизиялардың командирлері танк, артиллерия және басқа құралдардың практикалық-техникалық сипаттамаларын, қасиеттерін жақсы білуі тиіс.

Б. Момышұлы әскерлердің бүкіл тектері арасындағы тығыз өзара әрекеттестікті ұйымдастыруға маңызды мән берді. Ол мұны терең ұрыс қисынындағы тиімділікті және тұтастай алғанда шабуылдауды қамтамасыз ететін маңызды шарттың бірі ретінде атап көрсетті. Осылайша, 5 рет қоршауды бұзып шығып, 207 рет жауға қарсы шайқасқа шыққан соғыс тарихындағы тактикалары оны жетіс стратег, тактик әрі психолог ретінде рөлінің жоғары болғандығын білдіреді.

### **3-кезең: Әскери Академияда оқытушы-профессор.**

Соғыс аяқталған соң штабта қызмет ететін әскерилердің білімін жетілдіру мақсатында көптеген Қызыл Армияның адамдарын академияда оқытты. Б. Момышұлы да 1946 жылдың ақпанынан бастап 1948 жылдың мамырына дейін Ворошилов атындағы әскери академияның тыңдаушысы болады.

Ворошилов атындағы әскери академия – Қарулы Күштердің жоғары офицерлерін даярлайтын жетекші әрі әскери білім беру мекемесі. Соғыс жылдары бұл академияның тыңдаушылары 6 айдан бастап 9 айға дейін білімдерін жетілдіру курстарынан өтсе, соғыс аяқталғаннан кейін академия 2 жылдық оқу мерзіміне оралды. Осы кезден бастап академияның негізгі миссиясы Қарулы Күштерді басқарудың жоғары буын басшыларын даярлау; соғыс жылдарындағы тәжірибені жинақтау мен стратегия, операциялар жүргізудің теориялық негіздерін одан әрі дамытуға бағытталды [14, 6-б.].

1950-1955 жж. әскери академияда сабақ беріп, тұрақты әскери қызметін атқарады. Оның есімі Кеңес Армиясының ең жақсы офицерінің есімімен бейнеленген. Оған соғыс жағдайында КСРО Бас Штабының Әскери академиясында әскери және соғыстан кейінгі кезеңдердегі елдің маршалл, генералдар элитасына сабақ беру сеніп тапсырылды. Ол жақсы оқ оқ атуды (мерген), саптық жаттығуларды ерте меңгерді, картаға жақсы бағдарланды, сеніп тапсырылған жауынгерлік бөлімшелерді шебер басқарды [5, 94-б.].

### **4-кезең: Соғыс тактикасын насихаттау және патриоттық тәрбие.**

Әскери академиядағы қызметінен запастағы полковник дәрежесімен аяқтап, 1955 жылы Алматыға оралады. Осылайша, оның өміріндегі 1932-1955 жж. әскери қызмет мансабы, енді жазушылыққа (әскери-патриоттық тақырыпта) ауысып, шығармашылықпен айналыса бастайды.

1955-1966 жж. шығармашылық кезеңінде «Москва үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан», «Майдандағы кездесулер», «Генерал Панфилов», «Төлеген Тоқтаров», «Куба әсерлері» атты еңбектері қалың оқырманға жол тартап, үлкен ризашылықпен қабылдайды. Оның жазушылығынан туған әдеби туындылары майдан өмірінің шындығын, соғыс жағдайында қанды майдан ішінде бастан кешкен өмір тәжірибесін ойда қорытып жазған теориялық деңгейі биік мақалаларымен таныла бастады [15, 45-б.]. Оның соғыс тактикасы мен стратегиясына қатысты ой-танымдары осы саланы зерттеушілер үшін маңызды теориялар болып табылады.

Ұрыс пен соғыс өнері барлық халықтар тарихында ұшырасатын құбылыс екені анық. Соғыс өнеріне қатысты барлық ой танымын жүйелей келе, әлем халықтары қатысқан барлық шайқастарды өзіне тән қайталанбас 3 түрлі ерекшелігінің болғанын бөліп көрсетеді:

1) Соғыс жүргізудің өндірістік кезеңі;

2) Соғыс жүргізудің машиналық кезеңі;

3) Соғыс жүргізудің термоядролық кезеңі. Осы аталған кезеңдер өзіндік ерекшеліктерге ие болды (қолданылған қару-жарақтың әртүрлілігі, тактикасы мен стратегиясы) және қамту уақыты да әртүрлі болды. Бұл тарихи шындық ретінде, таным тұрғысынан қара отырып, түркі халықтары басынан кешкен әскери әдебиеттің болмысын, тарихын танып білуге, ол жайында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізгенде осы ой-танымдарды әскери теориялық қағида ретінде қарап, үнемі сүйеніп отыруға болатын идеялық бағыт-бағдар бола алады деген байламға келеміз.

Б. Момышұлының шайқастардың 3 түріне берген сипаттамасына талдау жасап көрсек:

1-кезең бойынша әскер майдан даласында бес қарудың барлық түрін қолданумен шектеледі. Қазақ халқының тарихында батырлар майдан даласында бір-бірімен бетпе-бет келіп, нағыз күшпен сынасады. Қарудың (қылыш, найза, садақ, шоқпар) осы түрлерін қолдана отырып, соғысушы сарбаздар қарсыласынан өз айласы мен ақылын асыра басым түсіп, шайқас әділетті түрде жүргізілді.

Қазақ халқы соғыстың бұл кезеңінде әскери тактиканың бірнеше түрін (қорғану, шабуыл жасау, шегіне отырып соғысу, жаудың көзін жойып жіберу) жақсы меңгере отырып, өз жерінің тауы мен тасының әрбір қыр-сырын меңгеру арқасында қорғанудың бірнеше түрін білді. Атты әскердің күшімен, жауынгерлік рух пен отанды қорғау сезімі және қару-жарақты дұрыс қолдана алу қабілеті қазақ халқын басқалардан ерекшелеп тұрды.

2-кезең бойынша атылатын мылтықтың барлық түрлері (пулемет, зеңбірек), соғыс машиналары (танк, ұшақ) т.б. техникаларды қолдана отырып соғыс жүргізу тактикасы. Бұл кезеңде соғыста әскери техникалардың жетілдірілген түрлері қолданылып, үстемдікке ие болды. Десе де бұл кезеңде тек техниканың рөлі емес, адамның соғыс жүргізу психикасы мен жаны шешуші шайқасқа түсті.

Екінші кезеңнің соғыс жүргізу тактикасын қазақ халқы алғаш рет неміс-фашист басқыншыларымен шайқаста меңгерді. Қазақ халқының жауынгерлері осы кезеңде қару-жарақтың барлық түрлерін тез арада меңгеріп, ерлік даңқымен әлем халқының назарына ілікті. Б. Момышұлы да осы кезеңде өзінің соғыс жүргізу тактикасы мен стратегиясын майдан даласында қолданып, әрі шындап соғыс өнеріне тың жаңалық енгізді.

3-кезең бойынша ядролық қаруға ие мемлекеттер соғысудың компьютерленген ақпараттық дәуірінде соғыс жүргізеді.

Б. Момышұлы қатысып, қолбасшылық еткен майдан төрі соғыс жүргізудің машиналық дәуірі еді. Мұндай тарихи тағдыр шешілетін соғыс жүргізудің бұрын-соңды болмаған жаңа техникалық құралдарды пайдалану, оны жете меңгеру, майданда шеберлікпен қолдану үшін қолбасшы әскери ғылым салаларын жетік білу шарты алға қойылды. Ал, ширек ғасыр өмірін кеңестік тұрақты армия қатарында қызмет атқарып, соғыс кезінде аға лейтенант шенінен, батальон, полк, одан полковник болып, дивизия командиріне дейін өсу жолында Б. Момышұлы армия уставына өзгеріс ендіріп, стратегия мен тактика саласында жаңалық әкелген, әскери ғылым саласында мейлінше жетіліп, теңдессіз ерліктер жасап, атағы әлемге танылып, халық мойындаған дарынды тұлғаға айналды. Жеңістен соң Ұлы Отан соғысының ең озық әскери қолбасшыларынан іріктеп таңдап алынған 250 командирден жасақталған бір мезгілдік әскери академияға оқуға алынған жалғыз Азия халқының өкілі еді. Әскери академияны бітіріп, әскери академияға стратегия мен тактика саласы бойынша дәріс беретін профессор қызметін атқарған әскери саладағы тұңғыш қазақ болумен де ерекшеленетін.

Б. Момышұлын қан майданда жасаған көзсіз қайталанбас ерлігі үшін генерал-майор, 8-гвардиялық дивизияның командирі әрі әскери ұстазы И.В.Панфиловтан бастап кейінгілер оны Совет Одағының Батыры мен генерал атағына талай рет ресми түрде ұсынған еді. Бірақ Б. Момышұлының әлемге танылған даңқы мен әскери ілімдегі тереңдігін, дарабоз қолбасшылығын көре алмаған пенделігі басым Бас штабтың және тікелей Қорғаныс министрінің қарсылығына ұшырады. Осы себепті, 1956 жылы 46 жасында отставкаға шығып кетті.

Б. Момышұлының әскери ғылымды терең меңгеріп, полковник атағымен-ақ дивизия командиріне көтерілуі, әскери академияда профессор атағымен дәріс беруі және осы әскери саладағы ой-танымын, майдан шындығын көркем шығармалары арқылы әскери әдебиеттің шыңына көтеруі жолдары оның бірден бір түркі халықтары әскери әдебиетінің негізін салуына алып келді. Өйткені, түркі халықтары тұтас (Түркия түріктерінен басқалары) Ұлы Отан соғысына түгел қатысып, олардың ақын-жазушылары да ата-бабаларынан рухани мұра болып қалған әскери әдебиет дәстүрін



жалғастырып жатты. Ал, Б.Момышұлы болса, осылардың арасынан сұрыпталып, ерекше әскери әдебиет саласында қалыптасты, ғылым әрі көркем шығармалары арқылы әлем халықтарына танылуы себепті «түркі халықтары әскери әдебиетінің негізін салушы» деген тарихи тұғырға көтеріле алды [13, 95-б.].

Б. Момышұлының Екінші дүниежүзілік соғыстың батыры ретіндегі тұлғасы Куба елінің басшысы Фидель Кастроның үлкен ілтипатына бөленіп, өз шақыруымен 10 күндік сапарға келеді. Куба елінің Қорғаныс Министрі Рауль Кастроның қарсы алуымен бостандық аралында түрлі әскери кездесулер мен тәжірибе алмасу бойынша жиындар өткізеді [16, 8-б.]. Оның «Соғыс психологиясы» еңбегі Израиль, Куба, Никарагуаның әскерилердің негізгі оқу құралына айналады. Сонымен қатар, оның әскери тактикалары үлкен зерттеулерге ұшырап, еңбектері ағылшын тіліне аударылды [5, 94-б.].

1990 жылы 11-желтоқсанда КСРО Президенті М. Горбачевтың №VII-1156 бұйрығы негізінде 1941-1945 жж. неміс-фашист басқыншыларына қарсы соғыстағы ерлігі үшін Бауыржан Момышұлына «Кеңес Одағының батыры» атағы берілді. Еліміздің көптеген әскери оқу орындарының тыңдаушылары үшін Б. Момышұлының кітаптары – негізгі оқу құралына енгізілді.

#### **Қорытынды.**

Бауыржан Момышұлының әскери ғылымның теориялық тұрғыдағы стратегиялық-тактикалық қағидаларының дәстүрлі негіздерін сақтаушы және дамытушы ретінде рөлі үлкен мәнге ие. Оның әскери туындылары, очерктері, мақалалары мен әскери-ғылыми тұжырымдарын толық қамти отырып, оның тәжірибелік мәнін жоғарылата түскен. Өзі басқарған ұрыстардағы іс-қимылдарды, әскери ғылымның классикалық үлгілеріне сүйене отырып, нақты жағдайға бейімдеп шешімдер қабылдаудың жаңа пайымдауларын жасайды. Өзі тірі кезінде генерал немесе «Кеңес Одағының батыры» атағын алмаса да халқының берген «батыр» атағымен мәңгілікке ел жадында қалды. Аңыз адам, ерекше тұлға, өзінің батылдығымен және әскери ерліктерімен ғана емес, соғыс кезіндегі экстремалды жағдайында сарбаз психологиясын зерттеу талантымен басқалардан озық болды.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Тебегенов Т. Бауыржан Момышұлы – қазақ әскери ғылымының негізін салушы // *Аты аңыздай айналған: естелік мақалалар, эсселер, зерттеулер, арнау өлеңдер.* – Алматы: Тоганай Т, 2010. – 556 б.
2. Бауыржан Момышұлы / *Құраст. Н.Қ. Қосаев.* – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2011. – 380 б.
3. Мырзахметов М. Бауыржан Момышұлы – түркі халықтары әскери әдебиетінің негізін салушы // *Аты аңыздай айналған: естелік мақалалар, эсселер, зерттеулер, арнау өлеңдер.* – Алматы: Тоганай Т, 2010. – 556 б.
4. Серікбаев К. Уроки мужества Бауыржана Момышұлы // *Казахстанская правда.* – 2015. – 20 марта. – С. 6.
5. Кабулдинов З.Е. Портрет настоящего казахского батыра XX века (на примере одного героя Великой Отечественной войны) // *Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 550-летию Казахского ханства.* – Астана, 2015 г. 18 апрель. – С. 92-98.
6. Серікбаев К. Баурджан Момыш-ұлы в моей жизни. – Алматы: изд. во. Казахстан, 1995. – 85 с.
7. Тасболатов А.Б. Заветы Баурджана Момыш-ұлы. – Алматы: Военная академия Вооруженных Сил РК, 2000. – 126 с.
8. Ыбыраев Ж. Майдан жыры мен сыры. История одной книги. – Алматы: Қазақпарат, 2018. – 380 б.
9. Оразбекова Ф.К., Шауханов А.А. Глубокий след Тулпара. Бауыржан Момышұлы: личность, воин, мудрец. – Алматы, 2006. – 142 с.
10. Дуров В., Стрекалов Н. Орден Красного Знамени. История учреждения награды и эволюция орденового знака. – М.: Collector's book, 2006. – 223 с.
11. Момышұлы Б. *Соғыс психологиясы.* – Семей, 2010. – 400 б.
12. Военный энциклопедический словарь / Гл. ред. Н.В. Огарков. – М.: Военное издательство, 1984. – 863 с.
13. *Легендарный батыр: документы, архивные материалы, воспоминания* / Отв. ред. М. Мырзахметов. – М.: Ленон, 2009. – 416 с.
14. Макара И.П., Васильев М.Н. Военная академия Генерального штаба в прошлом и настоящем // *Военно-исторический журнал.* – 2007. – №11. – С. 6-13.

15. Молдабаев А. Жизненный путь и творческое наследие Бауыржана Момышулы // Мысль. – 2015. – №5. – С. 45-47.

16. Исаев А. Бауыржан Момышулы, Фидель Кастро и Че Гевара // Экспресс Казахстан. – 2016. – 14 июля. – С. 8.

#### References

1. Tebegenov T. *Bauyrzhan Momyshuly – qazaq askeri gylmynyn negizin salushy [Bauyrzhan Momyshuly – founder of Kazakh military science]* // *Aty anyzga ainalgan: estelik maqalalar, esseler, zertteuler, arnau olender*. Almaty: Toganai T, 2010. 556 b. [In Kazakh]

2. *Bauyrzhan Momyshuly [Bauyrzhan Momyshuly]* / Qurast. N.Q. Qosaev. Almaty: Ortalyq gylimi kitaphana, 2011. 380 b. [In Kazakh]

3. Myrzahmetov M. *Bauyrzhan Momyshuly – tyrki halyqtary askeri adebietinin negizin salushy [Bauyrzhan Momyshuly – founder of the military literature of the Turkic peoples]* // *Aty anyzga ajnalgan: estelik maqalalar, esseler, zertteuler, arnau olender*. Almaty: Toganai T, 2010. 556 b. [In Kazakh]

4. Serikbaev K. *Uroki muzhestva Bauyrzhana Momyshuly [Lessons of courage by Bauyrzhan Momyshuly]* // *Kazahstanskaya pravda*. 2015. 20 marta. – S. 6. [In Russian]

5. Kabuldinov Z.E. *Portret nastoyashchego kazahskogo batyra HKH veka (na primere odnogo geroya Velikoj Otechestvennoj vojny) [Portrait of a real Kazakh batyr of the twentieth century (on the example of one hero of the Great Patriotic War)]* // *Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii, posvyashchennoj 550-letiyu Kazahskogo hanstva*. Astana, 2015. S. 92-98. [In Russian]

6. Serikbaev K. *Baurdzhan Momysh-uly v moej zhizni [Baurjan Momysh-uly in my Life]*. Almaty: Kazakhstan, 1995. 85 s. [In Russian]

7. Tasbolatov A.B. *Zavety Baurdzhana Momysh-uly [The Precepts of Baurjan Momysh-ula]*. Almaty: Voennaya akademiya Vooruzhennyh Sil RK, 2000. – 126 s. [In Russian]

8. Ybyraev Zh. *Majdan zhyry men syry. Istoriya odnoj knigi [Ibraev zh.Maidan songs and secrets. History of one book]*. Almaty: Qazaqparat, 2018. 380 b [In Kazakh]

9. Orazbekova F.K., Shauhanov A.A. *Glubokij sled Tulpara. Bauyrzhan Momyshuly: lichnost', voin, mudrec [A deep trace of Tulpar. Bauyrzhan Momyshuly: personality, warrior, sage]*. Almaty, 2006. 142 s. [In Russian]

10. Durov V., Strekalov N. *Orden Krasnogo Znameni. Istoriya uchrezhdeniya nagrady i evolyuciya ordenskogo znaka [Order of the Red Banner. The history of the award institution and the evolution of the Order badge]*. M.: Collector's book, 2006. 223 s. [In Russian]

11. Momyshuly B. *Sogys psihologiyasy [Psychology of war]*. Semey, 2010. 400 p. [In Kazakh]

12. *Voennyi enciklopedicheskii slovar [Military Encyclopedic Dictionary]* / Gl. red. N.V. Ogarkov. M.: Voennoe izdatel'stvo, 1984. 863 s. [In Russian]

13. *Legendarnyj batyr: dokumenty, arhivnye materialy, vspominaniya [Legendary batyr: documents, archival materials, memories]* / Otv. Red. M. Myrzahmetov. M.: Lenom, 2009. – 416 s. [In Russian]

14. Makar I.P., Vasilev M.N. *Voennaya akademiya General'nogo shtaba v proshlom i nastoyashchem [Military Academy of the General Staff in the past and present]* // *Voенно-istoricheskij zhurnal*. 2007. №11. S. 6-13. [In Russian]

15. Moldabaev A. *Zhiznennyj put' i tvorcheskoe nasledie Bauyrzhana Momyshuly [The life path and creative legacy of Bauyrzhan Momyshuly]* // *Mysl*. 2015. №5. S. 45-47. [In Russian]

16. Isaev A. *Bauyrzhan Momyshuly, Fidel' Kastro i Che Gevara [Bauyrzhan Momyshuly, Fidel Castro and Che Guevara]* // *Ekspress Kazakhstan*. 2016. S. 8. [In Kazakh]